## Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 28 ақпандағы N 229 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 маусымдағы N 1015 Қаулысы

"Орталық және жергілікті мемлекеттік органдарда, холдингтерде, ұлттық компанияларда, әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларда әкімшілік шығыстарды қысқарту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 30 желтоқсандағы N 289 өкіміне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасының делегациясын Париж қаласына (Француз Республикасы) іссапарға жіберу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 28 ақпандағы N 229 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасының делегациясы:

1) осы қаулыға қосымшаға сәйкес құрамда 2009 жылғы 1 - 4 наурыз кезеңіне;

2) Бақыт Тұрлыханұлы Сұлтанов 2009 жылғы 1 - 3 наурыз кезеңіне Париж қаласына (Француз Республикасы) іссапарға жіберілсін.";

2-тармақта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"мыналарға:

Абылай Қиялұлы Сабдалинге, Жанат Мұратұлы Қожахметовке, Дәулет Әбірбекұлы Мамековке, Александр Афанасьевич Кимге, Әлібек Әсетұлы Бақаевқа, Ляйля Нариманқызы Тілепбергеноваға, Эльвира Балтабекқызы Ыбыраеваға, Махуза Қабдығалымқызы Шоқановаға, Мұнира Абдықайымқызы Артықбековаға, Шоқан Балтабайұлы Омаровқа қонақ үйде тұруға, тәуліктік және Астана - Стамбул - Париж - Стамбул - Астана бағыты бойынша көліктік шығыстарға;

Бақыт Тұрлыханұлы Сұлтановқа қонақ үйде тұруға, тәуліктік және Астана - Стамбул - Париж - Майндағы Франкфурт - Астана бағыты бойынша көліктік шығыстарға 2009 жылға арналған республикалық бюджетте 005 "Шетелдік іссапарлар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен валюта айырбастаудың берілетін күнгі нарықтық бағамы бойынша белгіленген тәртіппен шетелдік валютада қаражат бөлсін.".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі К. Мәсімов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК